

«Қазтұғынуодағының Қостанай жоғары экономикалық колледжі» мекемесі
Учреждение «Костанайский высший экономический колледж Казпотребсоюза»

Сабақтың әдістемелік әзірлемесі
Методическая разработка урока

Тақырып: «Бухгалтерлік есеп шоттарын ашу, операцияларды шоттарға жазу, айналымдарды және қалдықтарды анықтау».


Тема:

Пәні бойынша:

По дисциплине: «Бухгалтерлік есеп негіздері»

Мамандығы бойынша:

По специальности: 0518000 – Учет и аудит

Есеп және аудит кафедра
отырысында қаралды
Рассмотрена на заседании
кафедры учёта и аудита
Хаттама № /Протокол №
5 от «04» 12 2020 ж / г
Кафедра басшысы:
Руководитель кафедры:
 А.Б.Казыбай

Костанай, 2020 г

Мазмұны

1. Кіріспе
2. Сабақ жоспары
3. Сабақтың барысы
4. Қорытынды
5. Әдебиеттер тізімі

Кіріспе.

Әміршіл экономика негізінде ұйымдастырылған бухгалтерлік есеп-қисаптың бұрынғы жүйесі әдістемелік тұрғыдан жетік, жатық-қан болатын. Бірақ ол кәсіпорынның мұқтажын емес, оны дүниеге келтірген әкімшілік-әміршілдік шаруашылық жүргізу жүйесінің талаптарын орындауға бағытталған еді, яғни шаруашылық өмірдің нақты мәліметтерін тіркеп, жоғарғы органдарға есеп беріп отырған. Өйткені есеп-қисап барлық мекемелердің қатаң иерархиялық бағы-ныштылығына сүйенетін еді. Мекемелердің қай-қайсысы болмасын өзіндік бастамаға ешқандай құқығы болмай, тек жоғары басқару органдарының нұсқауларын орындауына міндетті болған. Осы себептер салдарынан ұйымдастырылған бухгалтерлік есеп-қисап жүйесі нарықтық қатынастар кезінде басқаруға қажетті мәлімет берген емес, әрі бере алмайтын еді. Өйткені ол дүниежүзілік тәжірибеден, халықаралық стандарттардан бөлек болатын. Нарықтық қатынастар Қазақстан экономикасына (былайша айтқанда, ТМД-нің барлық елдеріне сияқты) үлкен өзгерістер енгізді. Егер бұрынғы уақытта экономикалық қатынастар бірыңғай мемлекеттік меншіктің негізінде құрылса, енді олар есеп айырысу-лар, пайда, тиімділік негізінде құрыла бастады. «Пайда» деген ұғым жартылай түрде көзге ғана сипатқа ие болатын еді, өйткені оны мемлекет өзі пайдаланатын еді және кәсіпорындарда оны алуға ынта болмағандығы ешкімге құпия емес. Әдеттен тыс, бірақ шынын айтқанда, кейбір кәсіпорындар (әсіресе одақтық ведомстволардың) өздерінің шығыстарын әдейі жоғарылатып көрсететін еді, өйткені залал шегетін жағдайда, мемлекет, әдеттегінен, оларды өзінің жәрдем қаржыларымен өтеп беретінін білетін еді. Анықтап айтқанда, кәсіпорынның күнелту, даму және өркен-деудің көзі пайда алу емес, мемлекеттік нұсқау болатын еді. Әміршіл экономиканың мұндай теріс механизмдері бухгалтерлік есептің жүргізілуіне де өз әсерін тигізді. Мәселен, кәсіпорынның балансы мемлекеттік механизмдебей-неленеді, яғни кәсіпорынның жарғылық капиталының қалыпта-4 суына тиісті мән берілмесе де, шығыстардың әрбір бабы атап көрсетілген. Оған қоса баланс өте өрістеген және рабайсыз еді. Алайда, барлық аталған аз ғана өзгешеліктері кезінде бухгалтерлік есептің әдістемесін үйренуге өндірісте де, оқу орындарында да тиісті көңіл бөлінетін еді. Өндірістерде оқушыларды үйрету үшін жетекші бухгалтерлер болған, ал кез келген экономикалық ЖОО-да бухгалтерлік есеп кафедрасы ұйымдастырылған еді. Жұмыс орындарында нұсқаулар мен көрсетулер жеткілікті болған. Өкінішке орай, қазіргі уақытта бухгалтерлік есепті жүргізу және үйрету әдістемесі өте қиын кезеңге ұшырап отыр. Бірақ бұл — уақыт талабы және одан құтылып немесе оны аттап кету мүмкін емес. Біздің көзқарасымыз бойынша оның қиындығы біз ескі механизмді бұзып, бірақ

жаңасын әлі құрып үлгермегендігімізден тұрады. Және біз төмендегі маңызды проблемалар бойынша пайда болған мәселелерді шешуіміз керек: 1) Бухгалтерлік есеп шоттарының Бас, одан соң Типтік жоспары. 2) Қаржылық есеп беру мен салықтық есеп бойынша жиынтық табысты анықтау және салыстыру. 3) Экономиканы мемлекет тарапынан реттеудің салықтық тәртібін енгізу. Мамандарға бухгалтерлік есепті оқыту мәселесі әлдеқайда қиын жағдайда қалды. Ал біздерге, педагогтарға және бір маңызды проблема: оқытуды жүргізу кезінде әрбір студенттің дербес мүмкіндіктері мен қабілеттілігін есепке алу. Өйткені бүгінгі студенттен ертеңгі экономист-бухгалтер шығады ғой! Бұл жағдай осы пәнді оқуды қалайтын әрбір адамға қажет негізгі түсінікті және оңай меңгерілетін материалдарды көрсететін оқу құралдардың жаңа бағыттарын даярлау қажеттілігінің уақыты жеткенін дәлелдейді.

Жалпы бухгалтерлік есеп шоттары одан алынатын ақпараттардың түріне және мәліметтермен қамтамасыз етілуіне қарай жинақтамалық (топтамалық, синтетикалық) және талдамалық (аналитикалық) деп аталатын екі түрге бөлінеді.

Жинақтамалық (топтамалық, синтетикалық) шот негізінен бухгалтерлік баланстың баптары негізінде ашылады. Бұл шот арқылы белгілі бір мүлік немесе қорлану көздері тураы жалпылай ақпарат алуға ғана болады. Сондай-ақ шоттың бұл түрінде объектілер тек қана ақшалай өлшеммен көрсетіледі.

Бухгалтерлік есепте шоттардың жинақтамалық (топтамалық, синтетикалық) және талдамалық деп аталатын екі түрінен басқа аралық шот (субшот) деп аталатын түрі де жиі қолданылады. Бұл шот өзінің аталуына сай жинақтамалық (топтамалық, синтетикалық) шотқа қарағанда жіктелінген түрде, ал талдамалық деп аталатын шотқа қарағанда топтастырылған түрде қолданылады. Сондықтан да бұны осы екі шоттың ортасындағы, яғни аралық шот – деп атайды. Бұл шотта объектілер тек қана ақшалай өлшеммен есептеліп жүргізіледі.

Қазақстан Республикасында қазіргі кезде қолданылып жүрген шоттар жоспарында аралық шот қарастырылмаған. Еліміздің бухгалтерлік есеп стандартына сәйкес барлық кәсіпорындар керек болған жағдайда әрбір жинақтамалық (топтамалық, синтетикалық) шоттың ішінен аралық шоттарды өз қалауы бойынша аша беруіне болады. Сондай-ақ әрбір жинақтамалық (топтамалық, синтетикалық) шотқа ашылатын аралық шоттың санына да ешқандай шек қойылмайды.

Қазтұтынуодағы Қостанай экономика колледжі

Костанайский экономический колледж Казпотребсоюза

Сабақ жоспары / План урока № 20

Пән / Предмет: Бухгалтерлік есеп негіздері

Мамандық / Специальность: 0518000 «Есеп және аудит»

Топ / Группа: Бказ-19

Тақырып / Тема: Бухгалтерлік есеп шоттарын ашу, операцияларды шоттарға жазу, айналымдарды және қалдықтарды анықтау

Сабақтың түрі / Вид занятия: тәжірибелік сабақ

Сабақтың мақсаты / Цели занятия:

Білім беру / Образовательные: Бухгалтерлік есеп шоттарды ашу барысында студенттердің білімдерін жүйелеу, жалпылау және бекіту. Операцияларды шоттарға жазудың, айналымдардың және қалдықтардың маңыздылығын көрсету

Дамыту / Развивающие: Бухгалтерлік шоттарды ашу барысында білімдерін белгілі нысанға келтіру, танымдық белсенділіктерін дамыту

Тәрбиелеу / Воспитательные: Пәнге деген қызығушылықтарын арттыру, құжаттарды рәсімдеу барысында ұқыптылық және жауапкершіліктерін тәрбиелеу

Әдістемелік / Методические: Интербелсенді құралдарды қолданудың мүмкіндіктерін көрсету

Біліктілік талаптарын білу / Квалификационные требования:

Білу керек / Должны знать: Активтік және пассивтік шоттарды ашу талаптарын және шоттарға шаруашылық операцияларды жазып, айналымды есептеп, қалдықты шығару

Істеп үйрену / Должны уметь: Шоттарды ашу барысында тура және анық мәліметтерді жазу керек

Сабақтың жабдықтары / Оборудование урока:

Жұмыс орны / Рабочее место: 111 дәрісхана

Көрнекілік құралдар / Наглядные пособия: Электрондық презентация (слайдтар)

Үлестірімді құралдар / Раздаточный материал: тәжірибелік жұмыс тапсырмалары, шот жоспарлар

Әдебиет / Литература: Қабылова Н.К. «Бухгалтер»155-184 беттер

Пәнаралық байланыс / Межпредметные связи: қаржылық есеп, статистика, ұйым экономикасы

Әдебиет:

1. «Бухгалтерлік есеп және қаржылық есеп беру туралы» Заң
2. Нурпейсов Э.О. «Ұйымдағы бухгалтерлік есеп»
3. Қабылова Н.К. «Бухгалтер»
4. Китебаева А.К. «Бухгалтерлік есеп негіздері»

Сабақтың барысы / Содержание занятия:

Уақыт Время	Оқытушының іс әрекеті Деятельность преподавателя	Оқушының іс әрекеті Деятельность обучающихся
1 мин	1.Ұйымдастыру кезеңі: Топпен амандасу, сабаққа дайындықтарын тексеру, сабаққа қатаспағандарды белгілеу	Оқытушымен амандасады, кезекшілер үлгерім паракшасын ұсынады
3-4 мин	2. Білімдерін белсендіру: 1. Өткен сабақтың тақырыбының аталуы 2. Топты 2 микротопка бөлу. Әр бухгалтерияның «бас бухгалтерін» тағайындау. Өз команда-бухгалтерияларын таныстыру үшін сөз «бас бухгалтерлерге» беріледі.	«Бас бухгалтерлер» өз команда-бухгалтерияларымен таныстырады
12-15мин	3. Үй жұмысын тексеру: Үй жұмысын тексеру үшін «Шоттар және екі жақты жазу» атты сұрақ-жауап ойын түрінде өткізеді (слайд 1) Әр команданың «бас бухгалтерлері» сұрақ уяшықтарын таңдайды, командасы жауап береді, егер жауап бере алмаса бас бухгалтердің өзі көмектесуге болады Жарыс сұрақтары: <ul style="list-style-type: none"> • Шоттар дегеніміз не? • Активтік шот бұл - ... • Пассивтік шот – бұл... • Актив шоттары үшін дебет және кредит нені білдіреді? • Пассив шоттары үшін дебет және кредит нені білдіреді? • Актив пен пассив шоттарының соңғы қалдығын анықтау формуласын келтіріңіз • Айналым деген не? • Екі жақты жазу әдісіне анықтама беріңіз • Шоттар корреспонденциясы дегеніміз не? • Қарапайым және күрделі шоттардың сипаттамасы • Шоттар мен баланс арасындағы байланыс <p>Ойын қорытындысы сабақтың соңында тәжірибелік жұмыстың нәтижесі бойынша бағаланады</p>	Тыңдайды, сұрақтарға жауап береді
2 мин	4. Білім меңгеруін тексеру: Тәжірибелік жұмыс тақырыбының атауы: «Бухгалтерлік есеп шоттарын ашу, операцияларды шоттарға жазу, айналымдарды және қалдықтарды анықтау» Тәжірибелік маңыздылығын ашу. Сабақтың мақсаты: Бухгалтерлік есеп шоттарды ашу барысында студенттердің білімдерін жүйелеу,	тыңдайды

45 мин	<p>жалпылау және бекіту. Операцияларды шоттарға жазудың, айналымдардың және қалдықтардың маңыздылығын көрсету. Құрылған шоттың негізінде баланс шығару</p> <p>Пәнаралық байланыс: қаржылық есеп</p> <p>5. Тәжірибелік жұмыстың орындалуы <u>Тәжірибелік жұмыстың орындауы бойынша нұсқау</u> Тапсырма бойынша шоттарды ашу, айналымды есептеу, қалдығын жазу. Шоттың негізінде баланс құру және операциялардың мазмұнының корреспонденциясын құрастыру. Автор Поринг Л.А. «Бухгалтерлік есеп теориясы бойынша практикум» есеп №23</p>	тыңдайды, жұмысты орындайды
10мин	<p>6. Сабақтың қорытындысы:</p> <p>«Дебет кредит» атты зияткерлік ойын</p>	сұрақтарға жауапбереді
2 мин	<p>Студенттер орындаған жұмысын талдау және қойылған мақсаттарды жүзеге асыру. Командалардың жұмысын бағалау</p>	тыңдайды, сұрақтарын қояды
1 мин	<p>7. Уй жұмысы: Негізгі: Китебаева К.А. «Бухгалтерлік есеп негіздері» 116-122 бет, Қабылова Н.К. «Бухгалтер» 193-210 бет. Қосымша: «Шоттар және екі жақты жазу» тақырыбына қатысты кроссворд құрастыру</p>	жазып алады

Оқытушы / Преподаватель: Казыбай А.Б.

Сабақ барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі

Оқушылармен амандасу, оқушылардың тізімін кезекшілер арқылы түгендеу, сабаққа қатыспағандарды анықтау.

Өткен сабақта біз сіздермен «Шоттар және екі жақты жазу» тақырыбымен таныс болғанбыз. Осы тақырыпты өту барысында келесі сұрақтарды талқыладық. Бұл: шоттар түсінігі, шоттардың құрылымы, түрлері, шоттардың корреспонденциясы, шоттардың баланспен байланысы, екі жақты жазу әдісі және маңызы, қарапайым және күрделі корреспонденция

2. Оқушылардың оқу қызметін ынталандыру

Үй жұмысына берілген сұрақтарды тексеру үшін біз «Шоттар және екі жақты жазу» атты зияткерлік ойын өткіземіз. Ойын шарты мынадай: тобымыз негізгі шарты бойынша 2 команда-бухгалтерияға бөлінеді. Қазір бас бухгалтерлер өздерінің ұйымдарын таныстырады.

Бухгалтерлер кәсіпорындарын таныстырып өтті. Енді бас бухгалтерлер ортаға шығып мына уяшықтарда сұрақ жасырынылып тұр, сұрақтарды таңдап оған командаңыз жауап береді, жауап бере алмаса өздерің көмектесуге болады.

Сұрақтар:

1. Шоттар дегеніміз не?
2. Активтік шот бұл - ...
3. Пассивтік шот – бұл...
4. Актив шоттары үшін дебет және кредит нені білдіреді?
5. Пассив шоттары үшін дебет және кредит нені білдіреді?
6. Актив пен пассив шоттарының соңғы қалдығын анықтау формуласын келтіріңіз
7. Айналым деген не?
8. Екі жақты жазу әдісіне анықтама беріңіз
9. Шоттар корреспонденциясы дегеніміз не?
10. Қарапайым және күрделі шоттардың сипаттамасы
11. Шоттар мен баланс арасындағы байланыс

Ойын аяқталды, жақсы жауап бердіңдер. Ойын нәтижесі тәжірибелік жұмыстың қорытындысы бойынша бағаланады.

3. Оқушылардың оқу қызметін белсендіру

Сабақтың тақырыбы: «Бухгалтерлік есеп шоттарын ашу, операцияларды шоттарға жазу, айналымдарды және қалдықтарды анықтау»

Сабақтың тәжірибелік маңызы өте зор, өйткені бухгалтерияда қандай да шаруашылық әрекеттерді шоттарға жазып, есепті кезеңнің балансын құру керек.

Сабақтың мақсаты: Бухгалтерлік шоттарды ашу барысында студенттердің білімдерін жүйелеу, жалпылау және бекіту. Операцияларды шоттарға жазудың, айналымдардың және қалдықтардың маңыздылығын көрсету, яғни, өткен кезеңнің баланстың негізінде шоттарды ашып жаңа баланс құрастыру

Бухгалтерлік есеп негіздері пәні қаржылық есеппен, іс қағаз жүргізу және ұйым экономикасымен тығыз байланыста. Осы сабақта алған тәжірибелеріңді болашақ мамандықтарда пайдаланасыңдар.

4. Тәжірибелік жұмыстың тапсырмасын орындау

Тәжірибелік жұмысты орындауды бастаймыз

Тапсырма бойынша баланстың негізінде шот ашамыз, бастапқы сальдосын жазып, айналымды есептеп, соңғы қалдығын шығарамыз. Келесі есепті кезеңнің балансын шығарып, шоттарды корреспонденциялау

Тәжірибелік сабақ №20 Практическое занятие №20

Мамандық / Специальность: 0518000 «Есеп және аудит»

Тақырып / Тема: Бухгалтерлік есеп шоттарын ашу, операцияларды шоттарға жазу, айналымдарды және қалдықтарды анықтау

Сабақтың мақсаты / Цели занятия:

Бухгалтерлік шоттарды ашу барысында студенттердің білімдерін жүйелеу, жалпылау және бекіту. Операцияларды шоттарға жазудың, айналымдардың және қалдықтардың маңыздылығын көрсету

Тапсырма

01 қараша 201_ жылғы ЖШС «Лидия» балансы

АКТИВ	Сальдо 01.11.15	Сальдо 01.12.15	ПАССИВ	Сальдо 01.11.15	Сальдо 01.12.15
I. Қысқа мерзімді активтер			III. Қысқа мерзімді міндеттемелер		
1. Кассадағы ақша қаражаты	243000		1. Қысқа мерзімді банк заемдары	268 000	
2. Ағымдағы банктік шоттағы ақша қаражат	1 200 000		2. Жеткізушілерге берешек	340 000	

3. Сатып алушылардың қысқа мерзімді берешегі	148 000		3. Қызметкерлерге еңбекақы бойынша берешек	800 200	
4. Тауарлар	2 300 000		4. Өзге де қысқа мерзімді кредиторлық берешек	339 943	
ҚМА барлығы:			ҚММ барлығы:		
II. Ұзақ мерзімді активтер			IV. Ұзақ мерзімді міндеттемелер		
4. Негізгі құралдар	1 800 000				
5. МЕА	600 000				
ҰМА барлығы:					
			V. Капитал		
			5. Жарғылық капитал	2 200 000	
			6. Резервтік капитал	900 000	
			7. Бөлінбеген табыс	1 442 857	
			Капиталдың барлығы:		
БАЛАНС	6 291 000		БАЛАНС	6 291 000	

Қараша айындағы шаруашылық операциялар:

№	Операциялардың мазмұны	Сума, тенге
1.	Ағымдағы банктік шоттан кассаға ақша түсті	800 200
2.	Кассадан еңбекақы берілді	800 000
3.	Сатып алушылардан банктік шотқа төлем түсті	98 000
4.	Ағымдағы банктік шоттан коммуналдық қызмет үшін төленді	72 000
5.	Банктік заемдар есебінен жеткізушілерге төленді	90 000
6.	Жеткізушілерден тауарлар келіп түсті	100 000
7.	Бөлінбеген табыстың бөлігі жарғылық капиталға қосылды	360 000
8.	Есеп беруші тұлғаға іс сапар үшін кассадан ақша берілді	150 000

ЖШС «Лидия» балансының негізінде:

1. Бухгалтерлік есеп шоттарын ашу және бастапқы сальдоны жазу
2. Желтоқсан айының операцияларын жазу
3. Айналым есептеп, 01.01.201_ жылға сальдо шығару
4. 01.01. 201_ жылдың балансын құрастыру
5. Шоттардың корреспонденциясын жазу

5. Сабақ қорытындысын шығару

Оқушылармен жұмыс барысында орындалған жұмысты талдау, бағалау. Қорытынды нәтижесін интерактивтік тақтада Дебет-кредит ойынын өткізу. Студенттер орындаған жұмысын талдау және қойылған мақсаттарды жүзеге асыру.

Командалардың жұмысын бағалау

6. Үй жұмысын беру

Негізгі: Китебаева К.А. «Бухгалтерлік есеп негіздері» 116-122 бет, Қабылова Н.К. «Бухгалтер» 193-210 бет.

Қосымша: «Шоттар және екі жақты жазу» тақырыбына қатысты кроссворд құрастыру

7. Рефлексия

- 1) Оқушыларға сөз беріледі. Оқушылар сабақ нәтижесі бойынша өз ойларын білдіреді
- 2) Оқытушы сабақты қорытындылайды

Қорытынды

Қорытындыды айтып өтетін берілген тапсырма өзіндік жұмыс түрлері оқушыларды өзіндік бақылауға бейімдеудің арнайы жүйесінде жүзеге асырылады. Осы өзіндік бақылауға бейімдеу тәжірибелік тапсырманы қолдана отырып тиісті нәтидеге қол жеткізіледі.

Әдебиеттер

1. Китебаева К.А. Бухгалтерлік есеп теориясы, Қарағанды, 2000ж
2. Қабылова Н.К. Бухгалтер, Астана, Фоиант 2007ж
3. Кеулімжаев Қ.К., Әжібаева З.Н., Құдайбергенов Н.А. Бухгалтерлік есеп принциптері, Алматы, Экономика, 2003
4. Баймұханова С.Б. Бухгалтерлік есеп, ИздатМаркет, Алматы, 2005
5. Кеулімжаев Қ.К., Құдайбергенов Н.А. Бухгалтерлік есеп теориясы және негіздері, Алматы, Экономика, 2006
6. Ұлт жоспары - Н.Назарбаевтың бес институционалдық реформасын жүзеге асырудың 100 қадамы